

Р.С. Якудина, PhD докторанты¹
А.А. Курманалина, э.ғ.к., доцент¹
А.Б. Тасмаганбетов*, PhD, қауым. профессор¹
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан
*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: aslandelo@mail.ru

ЕАЭО ЕЛДЕРІНДЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада Ресей, Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан және Арменияны қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеудің салыстырмалы талдауы ұсынылған. Азық-түлік қауіпсіздігі аграрлық сектордың орнықты дамуын, сонымен бірге сыртқы және ішкі тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететін ұлттық қауіпсіздіктің негізгі элементі ретінде қарастырылады. Мақалада жаһандық экономикалық және климаттық сын-қатерлер жағдайында азық-түлік тәуелсіздігі мен тұрақтылыққа қол жеткізу үшін түрлі елдер пайдаланатын тұжырымдамалар мен тетіктер зерттелді. Ұлттық стратегияларға талдау жүргізілді, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдеріндегі, оның ішінде азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігіндегі айырмашылықтар анықталды.

Авторлармен ЕАЭО елдерінде аралығында өзіндік өндіріс арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Жүргізілген салыстырмалы талдау барысында авторлар ЕАЭО елдерінің көпшілігінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің қамтамасыз етілу деңгейі мен азық-түліктің өзіндік өндірісі деңгейінің ауытқуы байқалатынын анықтады.

ЕАЭО елдері импортқа тәуелділік және климаттық тәуекелдер сияқты жалпы сын-қатерлермен бетпе-бет келетіні, бірақ бұл ретте бірегей ресурстар мен стратегияларға ие екені көрсетілген.

Мақаланың тұжырымдары азық-түлік тәуелсіздігін арттыру және өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін ЕАЭО шеңберінде аграрлық саясатты үйлестіру мен ықпалдастыруды күшейту қажеттігіне назар аударады. Бірлескен азық-түлік компанияларын құруды, трансшекаралық ынтымақтастықты дамытуды және инновациялық технологияларды енгізуді қоса алғанда, ынтымақтастықты жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді.

Кілт сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түлік тәуелсіздігі, физикалық қолжетімділік, экономикалық қолжетімділік, агроөнеркәсіптік кешен, азық-түлік нарығы, азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу, Еуразиялық экономикалық одақ.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, продовольственная независимость, физическая доступность, экономическая доступность, агропромышленный комплекс, продовольственный рынок, государственное регулирование продовольственной безопасности, Евразийский экономический союз.

Keywords: food security, food independence, physical accessibility, economic accessibility, agro-industrial complex, food market, government regulation of food security, Eurasian Economic Union.

Кіріспе. Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі және экономиканың аграрлық секторын дамытудың шешуші бағыты. Азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде әрекет етеді, оның мәні адамдардың сапалы және қолжетімді азық-түлік тауарларына қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға мүмкіндік беретін экономикалық өсудің деңгейі мен сапасын қамтамасыз етуден тұрады.

Тұтастай экономикалық қауіпсіздікті толық қамтамасыз етіп алмай ішкі экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу, елдің мемлекеттік мүдделерін қорғай отырып, болып жатқан әлемдік процестерге ықпал ету мүмкін емес. Сол себепті азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін қазіргі уақытта азық-түлік және аграрлық секторда атқарылып жатқан мемлекеттік реформалармен тығыз байланыста қарастыру керек.

Ресей, Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан және Арменияны қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) мемлекеттері азық-түлік қауіпсіздігі саласында түрлі сын-

қатерлерге тап болуда. Әлемдегі азық-түлік ресурстарының тапшылығы, стратегиялық маңызы бар өнім түрлеріне бағаның өсуі жағдайында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара келісілген агроөнеркәсіптік саясатты дамыту объективті қажеттілікке айналуға. ЕАЭО елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеудің өзектілігі ұлттық мүдделерді қорғау, ауыл шаруашылығының орнықты дамуын қамтамасыз ету қажеттілігіне негізделген.

Жүргізілген зерттеу жұмысының мақсаты - ЕАЭО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне бағытталған мемлекеттік саясаттың тетіктерін зерттеп, реттеу тәсілдерінің ерекшеліктерін анықтау және интеграциялық одақ шеңберінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жетілдірудің ықтимал жолдарын ұсыну.

Аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер айқындалды:

- ЕАЭО-ның әрбір еліндегі азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамаларының негізгі ерекшеліктерін айқындау;

- ЕАЭО елдерінің агроөнеркәсіп кешені мен азық-түлікті қамтамасыз ету аумағын мемлекеттік реттеудің нормативтік-құқықтық базасы мен тетіктерін талдау;

- Одақ елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты негізгі мәселелерді анықтау;

- ЕАЭО шеңберінде интеграциялық процестерді ескере отырып, азық-түлік қауіпсіздігі саясатын жетілдіру үшін ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысы барысында келесідей жалпы ғылыми әдістер қолданылды: азық-түлік өнімдерін өндіру, тұтыну үрдістерін динамикада зерделеуге және оларды жылдар бойынша салыстыруға мүмкіндік беретін статистикалық әдістер, талдау және синтез, салыстырмалы талдау, жалпылау, сандық және сапалық талдау әдістері.

Әдебиеттік шолу. Қазақстандық және шетелдік ғалымдар елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі проблемаларды зерттеді. Зерттеулер азық-түлік саласының ағымдағы жай-күйіне ғана емес, сондай-ақ тамақ өнімдерінің жалпы қолжетімділігіне байланысты мәселелерді қамтиды.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде танылып, субсидиялар мен жеңілдікті несие беру арқылы импортты алмастырудың және АӨК-ні мемлекеттік қолдаудың маңыздылығына назар аударылады.

Стефан Вергеннің пікірінше азық – түлік қауіпсіздігі белсенді және салауатты өмір сүру үшін кез келген уақытта адамзаттың диеталық қажеттіліктері мен тағамдық артықшылықтарын қанағаттандыру мақсатында жеткілікті, қауіпсіз және пайдалы тағамға физикалық, әлеуметтік және экономикалық қол жеткізе алатын жағдайымен сипатталады [1].

Кейбір ғалымдар азық – түлік қауіпсіздігін қарастырған кезде ел халқы үшін азық-түлікке қолжетімділік деңгейіне назар аударуға ұсынады [2].

Хелен Волстың көзқарасы тұрғысынан азық-түлік қауіпсіздігі бұл азық-түлік қауіпсіздігін де, дұрыс тамақтануды да қамтиды, сонымен қатар азық-түлікке, қол жетімділікке, пайдалануға және тұрақтылыққа қатысты мәселелердің кең ауқымын қамтиды [3].

Зайцев А. және басқа ғалымдардың зерттеулерінде ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі егжей-тегжейлі стратегиялық жоспарлау жүргізу қажеттігін айқындайды [4].

М.Г. Прокопьев пікіріне сәйкес, мемлекет азық-түлік жүйесіне тікелей немесе жанама әсер ететін экономикалық саясаттың әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, ауыл шаруашылығының даму деңгейіне және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді [5].

Пягай А. және басқа отандық ғалымдар жұмысының нәтижесі бойынша Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйі Орталық Азия елдері бойынша орташа деңгейден асып түсетіні анықталған. Авторлардың пайымдауынша, азық-түлік қауіпсіздігі деңгейіне қол жеткізу үшін жаһандық сын-қатерлер мен сыртқы экономикалық бағдарлардың жылдам ауысуы жағдайында индустриялық-инновациялық негізде аграрлық саланың басым бағыттарын кешенді іске асыру қажет [6].

Алайда, Саханова Г. және басқа зерттеушілер атап өткендей, Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік өндірісінің жеткіліксіздігімен және бірқатар азық-түлік түрлерінің импортына тәуелділігімен байланысты мәселелер бар, сондай-ақ Қазақстанның ауылдық аудандарынан

қалаларға жеткізудің логистикалық тізбектерінің тиімсіз болуы да азық-түлік қауіпсіздігін қиындата түседі [7].

Аталып өткен авторлардың жұмыстарында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жеткілікті дәрежеде баяндалған. Көптеген зерттеушілер азық-түлік қауіпсіздігін ауыл шаруашылығымен байланыстырады. Алайда, ЕАЭО елдері үшін ортақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қалыптастыратын мемлекеттік қолдауға бағытталған ғылыми зерттеулер тым аз.

Әдебиетке шолу нәтижесі азық-түлік қауіпсіздігі ЕАЭО елдері үшін өзекті әрі көп қырлы мәселе болып табылатындығын көрсетті. Мәселен, ЕАЭО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігінің ұлттық деңгейінде әзірленген тұжырымдамасының жалпы ұқсас екендігіне қарамастан, одақ елдерінде оны қамтамасыз ету тәсілдері айтарлықтай ерекшеленеді. Одаққа мүше елдердің ерекшелігін ескеретін азық-түлік нарығын реттеуге бағытталған бірыңғай ортақ стратегияның болмауы өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің даму перспективасын тежеуі мүмкін.

Біздің пікірімізше, ортақ ұжымдық азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеу ЕАЭО елдері арасында тиімді экспорттық-импорттық қарым-қатынастың дамуына, импортқа тәуелділікті азайтуға, азық-түлік қол жетімділігін нығайтуға және агроөнеркәсіптік кешеннің орнықтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл мүмкіндіктердің ролі ЕАЭО-дағы аграрлық азық-түлік саясатының тәжірибесінде әлі толық ескерілмеген. Сондықтан ЕАЭО агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытуға және өңірдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін тиімді мемлекеттік әдіс-тәсілдерді әзірлеу осы тақырыптағы одан әрі терең зерттеулерді қажет етеді.

Негізгі бөлім. Дүниежүзілік азық-түлік саммитінде 1996 жылы азық-түлік қауіпсіздігінің келесі анықтамасы қабылданды: «Азық-түлік қауіпсіздігі барлық адамдар кез-келген уақытта салауатты өмір салтын ұстану үшін олардың тағамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жеткілікті қауіпсіз және құнарлы тағамға физикалық және экономикалық тұрғыдан қол жеткізгенде орын алады» [8].

ЕАЭО елдерінің ұлттық деңгейінде әзірленген азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамаларының кейбір айырмашылықтарына қарамастан, жалпы әлемдік тұжырымдамаға ұқсас [8].

Біріншіден, барлық тұжырымдамалар халық үшін азық-түліктің экономикалық және физикалық қолжетімділігінің базалық шартын қамтиды және дүниежүзілік саммит декларациясында берілген халықаралық практикада неғұрлым кең таралған анықтамаға сәйкес келеді.

Екіншіден, одақтың барлық елдерінде ұлттық азық-түлік тәуелсіздігі тұжырымдамасы пайдаланылады, ол өзіне тән агроклиматтық жағдайларды ескере отырып, осы елдерде жаппай өндірілуі мүмкін АӨК өнімдерінің базалық түрлері бойынша 80-95% деңгейінде өзін-өзі қамтамасыз етуді болжайды.

Үшіншіден, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері ретінде мыналар айқындалады: ішкі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, мемлекеттік азық-түлік резервтерін қалыптастыру, халықтың табысы неғұрлым төмен және осал топтары үшін азық-түлік өнімдерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру.

ЕАЭО деңгейінде 2019 жылы ЕАЭО-ға мүше елдердің ұжымдық сипаттағы азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасының жобасында ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі «өмір сүру деңгейінің жоғары критерийлеріне сәйкес келетін, негізінен ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлігін өз өндірісі есебінен, АӨК ресурстық әлеуетін ұтымды пайдалану, салаларды инновациялық дамыту, мемлекетаралық кооперациянегізінде жүзеге асырылатын мүше мемлекеттердің халқы үшін азық-түлік өнімдерінің саны мен сапасына физикалық және экономикалық қолжетімділігінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету қабілеті» ретінде айқындалған. Бұл Концепцияның қабылданбағанына қарамастан, оның көптеген ережелері одақ елдері үшін азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және аграрлық саясатты жүргізу жөніндегі практикалық қызметіне негіз болды [9].

ЕАЭО барлық елдері үшін азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздікті қамсыздандырудың ең негізгі бағыттарының бірі. Сондықтан Одақтың әрбір елінде азық-түлік қауіпсіздігі мен тәуелсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік реттеуге үлкен мән беріледі.

Қазақстан Елдің ішкі әрі сыртқы қауіпсіздігіне әсер ететін саяси-экономикалық санат ретінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне қазақстандық заңнамада айрықша мән беріледі.

Азық-түлік қауіпсіздігі туралы нормаларды қамтитын басты нормативтік құжат «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР-ның Заңы болып табылады [10]. Бұл құжатта азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықталады.

Сонымен қатар, елімізде азық-түлік қауіпсіздігін дамытудың түйінді негізі ретінде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу ретінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметі арқылы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ірі өнеркәсіптік жобалар жүзеге асырылуда.

Осылайша, ҚР-ның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы осы мәселеге қатысты нормативтік-құқықтық актілердің орындалуымен жүзеге асырылады. Алайда, мемлекетімізде елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік реттеуге байланысты барлық құқықтық қатынастарды реттейтін азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң жоқ. Сондай-ақ, Қазақстанда, басқа мемлекеттерге қарағанда, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты нақты бір мемлекеттік орган жоқ, бұл азық-түлікті мемлекеттік реттеудің негізгі кемшілігі болып табылады.

Қырғызстан. Қырғызстанда мемлекеттік азық-түлік саясатының негізгі бағыттары мен тетіктері мемлекеттің тиісті нормативтік-құқықтық актілерінде қамтылған. «Қырғыз Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі туралы» Заңы Қырғыз Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың стратегиялық мақсаты халықтың қажеттіліктерін отандық шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірісі есебінен негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылатынын көздейді [11].

Азық-түлік қауіпсіздігін реттеу мәселелері Қырғыз Республикасының 2018-2040 жылдарға арналған ұлттық даму стратегиясында да көрініс тапқан, бұл құжатта ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі саясат - бұл халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету және саланы әлемдік және өңірлік нарықтарға сапалы экологиялық таза, органикалық өнім жеткізушіге айналдыру екендігі атап көрсетілген [12]. «Қырғыз Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту туралы» Заңы да аграрлық саясаттың негізгі мақсаты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылатынын көрсетеді. Бірақ ауыл шаруашылығын дамытуды реттейтін аталған негізгі нормативтік актілерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты кезеңдері мен тетіктері көзделмеген.

Ресей. Ресейдің тәжірибесі көрсеткендей, соңғы жылдары азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне пандемия (қатаң оқшаулау саясаты, логистикалық тізбектегі және тауар айналымындағы іркілістер), санкциялық қысым сияқты сыртқы факторлар зор әсер етті. 2022-2023 жылдары Ресейдің жаңа аумақтарын интеграциясына байланысты жаңа сын-қатерлер қосылды. Осы факторлардың барлығы елдің азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеудің жаңа форматын талап етеді.

Ел халқын тамақ өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етуге, агроөнеркәсіптік кешендерін дамытуға, осы салаларда импорты алмастыруға бағытталған экономикалық саясаттағы басты бағдар - РФ Президентінің 2020 жылғы 21 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген Ресейдің азық-түлік қауіпсіздігі доктринасы, ол мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нормативтік-құқықтық актілерді одан әрі әзірлеу үшін бастапқы құжат болып табылады [13].

Ресейдің азық-түлік қауіпсіздігі Доктринамен қатар, келесідей бағдарламалар мен стратегияға сүйенеді: ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, оның ішінде «Салаларды дамыту және агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жаңғырту» бағдарламасы, «Көкөніс және картоп шаруашылығын дамыту» жаңа федералдық жобасы (2023 жылдан бастап). Жақында РФ Үкіметі санкциялық қысым үрдісін ескере отырып, «Агроөнеркәсіптік және балық шаруашылығы кешендерінің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын» жаңартты. Стратегияның басты мақсаты - саланың жылына 3% -ға тұрақты өсуі.

Армения. 2011ж. мамырда Армения Республикасы Президентінің өкімімен Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Армения Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1522-Н шешімімен жоғарыда көрсетілген Тұжырымдама талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жоспары мақұлданды [14].

2018ж. қаңтарда 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы күн тәртібі шеңберінде әзірленген Армения Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және тамақтануды жақсартудың ұлттық стратегиясы жарияланды.

Токсан сайын Арменияның Статистикалық комитеті «Кедейлік және азық-түлікпен қамтамасыз етілу» бюллетенін шығарады, ол азық-түліктің болуына, тұтыну бағаларына, тамақ өнімдерін тұтынуға, үй шаруашылықтарында жеткілікті мөлшерде ресурстардың болуына байланысты жағдайды сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы статистикалық деректерді қамтиды.

Беларусь. Беларусь Республикасының Министрлер Кеңесі 2017 жылғы 15 желтоқсанда 2030 жылға дейінгі Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі доктринасын бекітті. Осы уақытқа дейін Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің 2004 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен мақұлданған Беларусь Республикасының ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасы жұмыс істеді, оның негізгі мақсаттары мен көрсеткіштеріне едәуір дәрежеде қол жеткізілді [14].

Беларусь елі өзінің тамақ өнімдеріне деген қажеттілігін толық қамтамасыз етеді, тұтыну нормаларына іс жүзінде барлық тамақ өнімдері бойынша қол жеткізілді. Қазіргі уақытта Беларусь азық-түлік қауіпсіздігі міндеттерін шешудің жаңа деңгейіне шығуда. Халық үшін тамақтың жоғары сапасын, сыртқы нарықтарда беларусь өніміне сұранысты, әлемдік азық-түлік нарығына ықпалдасуды қамтамасыз ету көзделуде. Осылайша, мүше мемлекеттердің әрқайсысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұлттық басым бағыттары мен тетіктері нақтыланған, азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың және мониторингінің меншікті жүйелері жұмыс істейді.

Алайда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасын оның кешенді сипатына байланысты жеке әр елдің өзіндік бағдарламаларын іске асыру арқылы ғана емес, ЕАЭО шеңберінде де қарау қажет. ЕАЭО-ның азық-түлік қауіпсіздігінің мәнін көрсететін негізгі құжат – 2021 жылы қабылданған «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен тәсілдері» болып табылады. Аталған құжатодақтың ортақ аграрлық нарығында кемсітушілікке жол бермеуге, сондай-ақ мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделері мен одақтың мақсаттарын үйлестіру, мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешендері мен ортақ аграрлық нарығының орнықты дамуын қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін бағалау кезінде халықаралық тәжірибені ескеру қажеттігіне назар аударады.

Қазіргі уақытта ЕАЭО-ның бірыңғай аграрлық нарығының құқықтық және нормативтік базасы белсенді қалыптасуда. ЕАЭО барлық мемлекеттері үшін бірыңғай өнімнің сәйкестік регламенттері, тамақ өнімдеріне арналған стандарттар, бақылау нормалары әзірленіп, бекітілуде. Бұл құжаттардың барлығы азық-түліктің ЕАЭО аумағы бойынша кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ететін, логистика мен өнімді сатуға жұмсалатын шығындарды төмендететін бірыңғай құқықтық шеңберді құрайды [14].

ЕАЭО өзінің қысқа тарихына қарамастан, экономикалық ауқаттылығын көрсетіп отыр. Одақтың барлық елдерінде дерлік ЕАЭО-ға кіруден экономикалық әсерлер байқалады. Бұған Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттердің қамтамасыз етілуі мониторингінің кейбір көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы дәлел. 1-кестеде ЕАЭО елдерінде өзіндік өндірістің ауыл шаруашылығы өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейлері туралы деректер ұсынылған, %.

Кесте –1

ЕАЭО елдерінде 2020-2022 жылдар аралығында өзіндік өндіріс арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерімен және азық-түлікпен қамтылу деңгейі, %

ЕАЭО елдері	2020	2021	2022	2020	2021	2022
	Астық			Ет және ет өнімдері		
Армения	37.2	32.2	39.2	64.59	64.4	61.9
Беларусь	107.6	89.6	92.3	135.9	133.8	130.69
Қазақстан	150.1	138.4	178.6	82.1	82.4	84.5
Қырғызстан	92.3	68.2	79.8	85.5	80.8	80.4
Ресей	165.3	148.3	185.4	99.8	99.7	102.1
ЕАЭО	156.6	140.4	173.4	99.8	99.3	101.2
	Сүт және сүт өнімдері			Қант		
Армения	82.3	87.1	82.7	27.9	25.4	44.2
Беларусь	256.6	262.9	263.7	176.1	154.4	151.5
Қазақстан	91.5	93.7	92.3	10.3	6.5	50.8
Қырғызстан	112	108.2	108.8	55.6	54.7	37.9
Ресей	84	84.3	85.7	101.8	100.5	103.2
ЕАЭО	96.2	96.9	97.8	96.9	94	98.9
	Өсімдік майлары			Картоп		
Армения	0.9	0.6	0.1	107.2	91.8	89.5
Беларусь	232.5	228.2	287	100	99.8	100.6
Қазақстан	108.9	101.3	150.1	102.5	104.7	104.2

Қырғызстан	12.9	9.9	11.2	102.6	99.7	94.4
Ресей	200.7	182	211.1	89.4	89.1	93.7
ЕАЭО	188.9	173.1	204.5	93	92.9	95.9
	Жұмыртқа			Көкөністер, бақша дақылдары		
Армения	100.5	98.8	99.5	105.5	102.8	101.5
Беларусь	128.3	127.6	127.2	105.5	101.8	102.1
Қазақстан	98.7	98.6	99	109	112.8	104.7
Қырғызстан	89.6	85.6	81.3	96.9	96.6	95.6
Ресей	97.1	98.2	99	84	88	88.1
ЕАЭО	98.7	99.6	100.1	92.5	95.9	94.2
	Жемістер, жидектер			Орташа деңгей		
Армения	103.1	111.9	103.7	68.1	66.6	68.5
Беларусь	68.1	57.2	69.2	96.4	94	95.7
Қазақстан	40.2	34.1	31.3	80.3	79.4	84.2
Қырғызстан	133.8	110.9	89.1	81.4	77.2	74.4
Ресей	41.4	44.4	44.9	88.4	89.3	90.1
ЕАЭО	47.7	48.1	48.7	91.6	91.8	92.8

Ескерту: авторлармен [15] негізінде құрастырылды

Кестенің деректері бойынша, ЕАЭО елдерінің көпшілігінде өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейінің ауытқуы байқалады. Мысалы, Арменияда астықпен қамтамасыз ету деңгейі 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 37,2%-дан 32,2%-ға төмендеді, бірақ 2022 жылы қайта өсімді байқауға болады - 39,2%. Ең жоғары тұрақтылық Ресейде, онда көптеген көрсеткіштердің өсімі байқалады немесе алдыңғы жылдарға жақын көрсеткіштерге ие.

Астық бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы өзін-өзі қамтамасыз ету шегінен едәуір асып түседі, 2022 жылы 170% -дан астам. Ет өнімдері бойынша Беларусь көшбасшы болып қала беруде - 2022 жылы 130,69%, ал Армения барлық кезеңде ең төмен көрсеткіштерге ие – 2020 ж.-64,59%; 2021ж. - 64.4% және 2022 жылы 61,9%. Сүт өнімдері бойынша Беларусь 250% қамтамасыз етуден асатын абсолютті көшбасшы болып табылады. Қант бойынша Беларусь пен Ресей жоғары нәтижелер көрсетуде, ал Қазақстан 2022 жылға дейін импортқа өте тәуелді болды. Өсімдік майлары бойынша, ең жоғары өзін-өзі қамту көрсеткіштері Беларусь пен Ресейде - 200% -дан астам. Жемістер-жидек өнімдеріне келер болсақ, Қазақстан мен Ресейде өзін-өзі қамту көрсеткіштері ең төмен, яғни 50% -дан кем, бұл импортқа тәуелділіктің жоғары екенін білдіреді.

Қорыта келгенде, ЕАЭО елдері арасында 2022 жылы Беларусь ең жоғары орташа қамтамасыз ету деңгейіне ие болды – 95,7%, ал Армения мен Қырғызстан - ең төмен, тиісінше 68.5% және 74.4%. Ал жалпы, ЕАЭО бойынша азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі оң динамикаға ие: 2020 жылы 91.6%, 2021 жылы 91.8% және 2022 жылы 92.8%.

ЕАЭО елдері бойынша азық-түлік өнімдерін жан басына шаққандағы тұтыну көрсеткішін талдасақ, ЕАЭО арасында бірнеше ерекшеліктерді атап өтуге болады: Қазақстанда нан өнімдерін тұтыну жыл сайын азайып келеді, 2020 жылы 140 кг болса, 2022 жылы 128 кг-ға түскен. Алайда басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстанда нан өнімдерін тұтыну көлемі ең жоғары [15].

Қазақстанда картоп тұтыну көлемі де 2020 жылғы 50 кг-дан 2022 жылы 45 кг-ға дейін төмендеген. Бұл тенденция Қырғыз Республикасы мен Арменияда да байқалады, ал Ресей мен Беларусьте тұтыну салыстырмалы түрде тұрақты. Көкөністерді тұтыну Қазақстанда тұрақты түрде 2020 жылғы 100 кг-нан 2022 жылы 91 кг-ға дейін төмендеген. Беларусь пен Ресейде де аздаған өзгерістер бар, бірақ Қырғыз Республикасында тұрақтылық байқалады. Жалпы көкөністерді тұтынудың азаюы тұтынушылық қолжетімділіктің төмендеуін көрсетуі мүмкін [15].

Ет өнімдерін тұтынудың төмендеуі Қазақстанда, Беларусь және Армения сияқты елдерде де байқалады. Сүт өнімдеріне тоқталсақ, Қазақстандағы сүт өнімдерін тұтыну айтарлықтай төмендеген: 2020 жылы 259 кг-нан 2022 жылы 226 кг-ға дейін. Бұл тренд басқа елдерде байқалмайды, мысалы, Беларусьте сүт өнімдерін тұтыну тұрақты түрде жоғары.

Жалпы алғанда, Қазақстанда және ЕАЭС елдерінде көптеген азық-түлік түрлерін тұтынудың төмендеу тенденциясы байқалады. Бұл экономикалық жағдайлар, азық-түлік бағасының өсуі немесе тұтынушылық әдеттердің өзгеруімен байланысты болуы мүмкін. Нан және сүт өнімдерін тұтыну бойынша Қазақстан алда болғанымен, жалпы жан басына шаққандағы орташа тұтыну көлемі төмендеп келеді.

Қорытынды. ЕАЭО елдері азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету үшін айтарлықтай әлеуетке ие, алайда табиғи-климаттық жағдайлардағы, мемлекеттік қолдау деңгейіндегі айырмашылықтар мүмкіндіктер мен сын-қатерлерді тудырады. Азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізудің басты кепілі жалпы ЕАЭО-ға қатысушы елдердің ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өнімдерінің ішкі өндірісінің тұрақтылығы болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігін арттырудың перспективалары мен негізгі бағыттарын бағалау кезінде Одаққа мүше мемлекеттерінің табиғи-өндірістік әлеуетін, сонымен қатар, бірыңғай көлік инфрақұрылымын барынша ескеру қажет. Тұрақты азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін Одақ мүшелері шеңберінде ортақ жобаларды дамыту, озық тәжірибелермен алмасу және ұлттық және өңірлік деңгейлерде ауыл шаруашылығын дамытуға инвестициялар салу қажет.

ЕАЭО мүше елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жетілдірудің келесідей ықтимал жолдарын ұсынуға болады:

- ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат және азық-түлік өндірісінің озық әлемдік стандарттарына қол жеткізу мақсатында, сәйкесінше, азық-түлік өндірісінің өнім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін мүше мемлекеттердің экономикасына ноу-хау, инновациялық технологиялар, инвестициялар тартуға нормативтік-құқықтық жағдайлар жасау;

- ЕАЭО елдерінің аумағында экономика мен ғылымды біріктіруге қабілетті халықаралық инновациялық кластерлерді қалыптастыру және жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын генерациялайтын қосылған құны жоғары өнім шығару;

- трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту бағытындағы азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігін арттыру үшін ЕАЭО ішіндегі логистикалық тізбектерді жеңілдету.

Осылайша зерттеу жұмысының нәтижесінде ЕАЭО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне бағытталған мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері мен тетіктері зерттеліп, негізгі мәселелері анықталды; сонымен қатар, азық-түлік нарығының жай-күйі талданды және интеграциялық одақ шеңберінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бағыттары ұсынылып, жалпы зерттеу өз міндеттеріне қол жеткізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Stephen K. Food security in the Russian Federation // Routledge (Taylor & Francis). – 2013. – №54. – P. 21–41.

2. Hwalla N. Nutrition security is an integral component of food security // *Frontiers in Life Science*. – 2016. – №10. – P. 167–172.

3. Helen W. Food security, food safety & healthy nutrition: are they compatible // *Global Food Security*. – 2019. – №4. – P. 69–71.

4. Зайцев А.А., Дмитриев Н.Д., Родионов Д.Г. Инструментарий диагностики продовольственной безопасности территории как составляющей ее ресурсного потенциала // *Международный сельскохозяйственный журнал*. – 2024. – №2 (398). – С. 144–148. DOI:10.55186/25876740_2024_67_2_144

5. Прокопьев М.Г. Продовольственная безопасность и самообеспеченность продовольствием: методические аспекты // *Проблемы рыночной экономики*. – 2021. – № 3. – С. 117–130. DOI:10.33051/2500-2325-2021-3-117-130

6. Пягай А.А., Беспяева Р.С., Наукенова Б.Н. Продовольственная безопасность Республики Казахстан: критерии и индикаторы // *Проблемы агрорынка*. – 2023. – №4. – С. 13–26. – DOI:10.46666/2023-4.2708-9991.01

7. Саханова Г.Б., Садыкова Ж.Е., Залучёнова О.М., Кыдырхан М.А. Актуальные вопросы обеспечения продовольственной безопасности Республики Казахстан // *Вестник университета «Туран»*. – 2023. – №1. – С. 63–75. – DOI:10.46914/1562-2959-2023-1-1-63-75

8. Винокуров Е. Продовольственная безопасность и раскрытие агропромышленного потенциала Евразийского региона. Доклады и рабочие документы 23/1. Алматы: Евразийский банк развития. – 2023. – URL:<https://eabr.org/analytics/special-reports/>
9. Концепция коллективной продовольственной безопасности государств–членов Евразийского экономического союза (проект) – URL:https://docs.eaeunion.org/pd/ru-ru/0123907/pd_28062019_att.pdf
10. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Қазақстан Республикасының Заңы (20.08.2024 жылғы толықтырулармен). – URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>
11. Закон КР «О продовольственной безопасности Кыргызской Республики» от 30 июля 2013 года №175. – URL:<http://cbd.minjust.gov.kg>.
12. Национальная стратегия развития Кыргызской Республики на 2018-2040 гг. от 31 октября 2018 года УП №221: Указы Президента КР. – URL:<http://cbd.minjust.gov.kg>.
13. Указ Президента РФ от 21.01.2020 №20 «Об утверждении Доктрины продовольственной безопасности Российской Федерации». – URL: <https://base.garant.ru/73438425/>
14. Методологические рекомендации по системе показателей для оценки состояния продовольственной безопасности в странах СНГ, 2019. – URL: <https://new.cisstat.org/documents/>
15. Статистика Евразийской экономической комиссии. Сельское хозяйство. Динамические ряды. – URL:https://eec.eaeunion.org/comission/department/dep_stat/union_stat/current_stat/agriculture/series/.

REFERENCES

1. Stephen K. Food security in the Russian Federation // Routledge (Taylor & Francis). – 2013. – №54. – P. 21–41.
2. Hwalla N. Nutrition security is an integral component of food security // *Frontiers in Life Science*. – 2016. – №10. – P. 167–172.
3. Helen W. Food security, food safety & healthy nutrition: are they compatible // *Global Food Security*. – 2019. – №4. – P. 69–71.
4. Zajcev A., Dmitriev N., Rodionov D. Instrumentarij diagnostiki prodovolstvennoi bezopasnosti territorii kak sostavl'jajushhej ee resursnogo potenciala [A diagnosis tool of food security of a territory as a component of its resource potential]// *Mezhdunarodnyi selskohoz'jaistvennyi zhurnal*. – 2024. – №2 (398). – S. 144–148. – DOI: 10.55186/25876740_2024_67_2_144 [in Russian].
5. Prokopyev M. Prodovolstvennaja bezopasnost i samoobespechennost prodovolstviem: metodicheskie aspekty [Food security and self-sufficiency in food: methodological aspects // *Market economy problems*]// *Problemy rynochnoi jekonomiki*. – 2021. – №3. – S. 117–130. – DOI: 10.33051/2500-2325-2021-3-117-130 [in Russian].
6. Piagai A., Bespaeva R., Naukenova B. Prodovolstvennaja bezopasnost Respubliki Kazakhstan: kriterii i indicatory [Food security of the Republic of Kazakhstan: criteria and indicators] // *Problemy agrorynka*. – 2023. – №4 – S. 13–26. – DOI: 10.46666/2023-4.2708-9991.01 [in Russian].
7. Sakhanova G., Sadykova Zh., Zaluchenova O., Kydyrkhan M. Aktual'nyye voprosy obespecheniya prodovol'stvennoj bezopasnosti Respubliki Kazakhstan [Topical issues of food security of the Republic of Kazakhstan] // *Bulletin of "Turan" University*. – 2023. – №1. – S. 63–75. – DOI: 10.46914/1562-2959-2023-1-1-63-75 [in Russian].
8. Vinokurov E. Prodovolstvennaja bezopasnost i raskrytie agropromyshlennogo potenciala Evrazijskogo regiona [Food Security and Agro-Industrial Potential of the Eurasian Region.] *Doklady i rabochie dokumenty 23/1*. – 2023. – Алматы: Евразийский банк развития. – URL:<https://eabr.org/analytics/special-reports/> [in Russian].
9. Konceptija kollektivnoj prodovolstvennoj bezopasnosti gosudarstv–chlenov Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza (proekt)[Concept of Collective Food Security of the Member States of the

Eurasian Economic Union(projekt)]. – URL:https://docs.eaeunion.org/pd/ru-ru/0123907/pd_28062019_att.pdf

10.«Qazaqstan Respwblikasinin ulttiq qawipsizdigi turaly» 2012 jilgi 6 qantardagi № 527-IV Qazaqstan Respwblikasinin Zani (20.08.2024 jilgy toliqtırwlarman) [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 6, 2012 №527-IV On the national security of the Republic of Kazakhstan] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527> [in Kazakh].

11.Zakon KR «O prodovolstvennoj bezopasnosti Kyrgyzskoj Respubliki» ot 30 iulia 2013 goda №175.[Law of the Kyrgyz Republic "On food security of the Kyrgyz Republic" dated July 30, 2013 №175.] – URL: <http://cbd.minjust.gov.kg>. [in Russian].

12.Nacionalnaja strategija razvitija Kyrgyzskoj Respubliki na 2018-2040 gg. ot 31 oktiabria 2018 goda UP №221: Ukazy Prezidenta KR. [National development strategy of the Kyrgyz Republic for 2018-2040. dated October 31, 2018 UP №221: Decree of the President of the KR.] – URL: <http://cbd.minjust.gov.kg>. [in Russian].

13.Ukaz Prezidenta RF ot 21 yanvaria 2020 goda №20 «Ob utverzhdenii Doktriny prodovolstvennoi bezopasnosti Rossiiskoi Federatsii» [Decree of the President of the Russian Federation of January 21, 2020 №20 «On approval of the Doctrine of Food Security of the Russian Federation»] // <https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/73338425/> [in Russian].

14.Metodologicheskie rekomendacii po sisteme pokazatelej dlia ocenki sostojania prodovolstvennoj bezopasnosti v stranah SNG [Methodological recommendations on the system of indicators for assessing the state of food security in the CIS countries], 2019. – URL: <https://new.cisstat.org/documents/> [In Russian].

15.Official'naya stranica Evraziiskoi ekonomicheskoi komissii [Official page of the Eurasian Economic Commission]. – URL: <https://eec.eaeunion.org> [in Russian].

Якудина Р.С., Курманалина А.А., Тасмаганбетов А.Б.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В СТРАНАХ ЕАЭС

Аннотация

В статье представлен сравнительный анализ государственного регулирования продовольственной безопасности в странах Евразийского экономического союза, включая Россию, Казахстан, Беларусь, Кыргызстан и Армению. Продовольственная безопасность рассматривается как ключевой элемент национальной безопасности, обеспечивающий устойчивое развитие аграрного сектора и минимизацию внешних и внутренних рисков. В статье исследуются концепции и механизмы, используемые различными странами для достижения продовольственной независимости и стабильности в условиях глобальных экономических и климатических вызовов.

Проведён анализ национальных стратегий, выявлены различия в подходах к обеспечению продовольственной безопасности, включая физическую и экономическую доступность продовольствия.

Авторами проведен сравнительный анализ уровня обеспеченности сельхозпродукцией и продовольствием через собственное производство в странах ЕАЭС. В ходе проведенного сравнительного анализа авторами выявлено, что в большинстве стран ЕАЭС наблюдается колебание уровня обеспеченности сельскохозяйственной продукцией и продовольствием собственного производства. Показано, что страны ЕАЭС сталкиваются с общими вызовами, такими как зависимость от импорта и климатические риски, но при этом обладают уникальными ресурсами и стратегиями.

Выводы статьи акцентируют необходимость усиления координации и интеграции аграрной политики в рамках ЕАЭС для повышения продовольственной независимости и обеспечения устойчивого развития региона. Предложены рекомендации по совершенствованию сотрудничества, включая создание совместных продовольственных компаний, развитие трансграничного сотрудничества и внедрение инновационных технологий.

Yakudina R., Kurmanalina A., Tasmaganbetov A.

COMPARATIVE ANALYSIS OF STATE REGULATION OF FOOD SECURITY IN EAEU COUNTRIES

Annotation

The article presents a comparative analysis of state regulation of food security in the countries of the Eurasian Economic Union, including Russia, Kazakhstan, Belarus, Kyrgyzstan and Armenia. Food security is seen as a key element of national security, ensuring the sustainable development of the agricultural sector and minimizing external and internal risks.

An analysis of national strategies was carried out, differences in approaches to ensuring food security, including physical and economic accessibility of food, were identified. Particular attention is paid to mechanisms to support the agricultural sector, such as subsidies, infrastructure development and measures to stimulate domestic production.

The authors conducted a comparative analysis of the level of provision of agricultural products and food through their own production in the EAEU countries. In the course of the comparative analysis, the authors revealed that in most EAEU countries there is a fluctuation in the level of provision of agricultural products and food of their own production. It is shown that the EAEU countries face common challenges, such as import dependence and climate risks, but at the same time have unique resources and strategies.

The conclusions of the article emphasize the need to strengthen coordination and integration of agricultural policy within the EAEU to increase food independence and ensure sustainable development of the region. Recommendations were proposed to improve cooperation, including the creation of joint food companies, the development of cross-border cooperation and the introduction of innovative technologies.

